



ABAI: Adamzattyń b́arın śıı baýyrym dep.

Аймақтық қоғамдық-саяси газет

Газет 1932 жылдың 1 мамырынан бастап шығады

BALQASH ONIRI

balqash_oniri_gazeti

balkhashoniry@mail.ru

№75 (13448), 17 ҚАЗАН, ЖҰМА, 2025 ЖЫЛ

Гүлзат СӨРСЕМБЕКҚЫЗЫ,
«BALQASH ONIRI»

✓ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНДА

ЕСЕПТЕР ТЫНДАЛЫП, ЕСКЕРТУЛЕР БЕРІЛДІ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ 2025-2026 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖЫЛЫ-ТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫҢҒА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАғАСЫ АХАТ МҮСЛІМОВ, ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ДАНИЯР СЕРІКОВ, МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫ, ҚАЛАЛЫҚ КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Күн тәртібіне сәйкес, алғашқы болып баяндама жасаған Балқаш қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің сектор меңгерушісі Асылмұрат Түсіпов жылыту маусымына дайындық барысына және атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Сектор басшысының сөзіне сәйкес, 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында қала бойынша ұзындығы 23,64 км жылу желілері жөнделсе, магистральдық жылу желілерін жөндеудің жалпы ұзындығы 7,2 км құрады. Сметалық құны – 2 млрд. 045 млн. теңге.

Сыртқы ауаның температуралық режиміне сәйкес, 1-3 қазан аралығында білім беру, мәдени нысандарға, ал 3-8 қазан аралығында қаланың шағын аудандарынан бастап көпқабатты тұрғын үйлерге жылу берілді. Сонымен қатар, Қоңырат және Балқаш-1 станцияларында да жылу жүйесі іске қосылды. Қазіргі таңда жүйе тұрақты жұмыс істеп тұр. Алайда, тұрғындар тарапынан келіп түскен шағымдар да бар. Ол олқылықтарға жауап беретін мамандар ұйымдармен бірлесе отырып тексеріс жүргізуде.

Ал, Саяқ кентінің жылыту маусымына орай жаңа қазандықтың құрылысы жүргізіліп, алты қазандық кентке жеткізілді. Нысанға 4 адам тартылды. Оның 1-еуі учаске басшысы, 3 жұмысшы. Сондай-ақ, тиегіш, КамАЗ және автокран техникалары жеткізілген екен.



Саяқ кентінде жылыту маусымы 10 қазаннан бастап іске қосылды. Бүгінде кентте 3 модульдік шағын қазандық штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Онда орта есеппен 8 қазандық агрегат жұмыс істейді. Резервте 9 қазандық бар. Жылу мөлшері ауа-райының температурасына байланысты кезең-кезеңімен ұлғайтылып отырады және ақырындап резервтегі қазандық агрегаттарын іске қосу жүргізіледі. Осы жылдың 13 қазан күні Саяқ кентіне 700 тонна отын жеткізілді. Алдағы күндері қосымша тағы 350 тонна отын жеткізіледі деп күтілуде. Отынды жеткізуші – Қарағанды қаласының «Каз Тім Көмір» ЖШС. Келісімшарт бойынша жалпы 5200 тонна көлемінде қатты отын жеткізу көзделген.

Жалпы қалада 608 көппәтерлі тұрғын үй бар. Мамандардың мәліметі

бойынша, ПИК, ЖШС және ЖК қызмет көрсететін 608 көппәтерлі үйдің 607-сінде жылумен жабдықтау іске қосылды, бұл жалпы санның 99,9%-ын құрайды. Сонымен қатар, сервистік және басқарушы компанияға қарамайтын 60 үйдің 59 үйінің жылуы іске қосылған.

Жылыту маусымы кезеңінде бөлім мамандары жылудың тұрақты берілуіне мониторинг жүргізіп отыратын болады.

Балқаш қаласы білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Дүбірбекованың баяндамасы бойынша, қалада 34 білім мекемесі бар. Оның қатарында 16 мектеп, 14 балабақша, 2 жеке балабақша және 2 қосымша білім беру мектебі бар. Ә.Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейінде, «Айгөлек», «Ақбота» және Саяқ кентінің «Балдәурен» балабақшаларында ағымдағы жөндеу кезінде бірнеше жұмыстар жүргізілген

екен. Жылыту маусымы берілген сәтте кейбір мектептер мен балабақшаларда мәселелер көтерілді. Мәселен, «Күншуақ», «Таңшуақ» балабақшаларына және №4 жалпы білім беретін мектепке жылу берілген уақытта орын алған мәселелер дер кезінде коммуналдық мекемелердің атсалысуымен қалпына келтірілді. Қазіргі таңда барлық білім мекемелерінде жылу берілуі штаттық режимде жүріп жатыр.

Тұрақты комиссия отырысы барысында жауапты басшыларға жылыту маусымына байланысты бірнеше тапсырма жүктелді. №10 жалпы білім беретін мектептің асханасында жылу жоқ екендігін, сонымен қатар №4 жалпы білім беретін мектептің 2 қабатының жылу берілуінің температурасы төмен екендігін ескертті. Осы мәселені тез арада шешуін талап етті.

САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылғы 18 қазан сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін Сәбитова ықшам ауданы, 18-үйде орналасқан, «Amanat» партиясы Балқаш қалалық филиалы ғимаратының қоғамдық қабылдау бөлмесінде қалалық мәслихат депутаты **Қасенхан Рахман Пәрменұлы** сайлаушылардың жеке сұрақтары бойынша қабылдау жүргізеді.

2025 жылғы 20 қазан сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін әкім аппараты ғимаратының № 218 іс бөлмесінде қалалық мәслихаттың төрағасы **Мұсылымов Ахат Кадирович** жеке сұрақтары бойынша сайлаушыларды қабылдайды.

Қалалық мәслихат.



Сенім телефоны

«Балқаш қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-де жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін **4-97-53** сенім телефоны жұмыс істейді. Бөлім қызметкерлері тарапынан «ҚР мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Этикалық кодексі нормаларын бұзу фактілері орын алған жағдайда сенім телефонына қоңырау шалуға болады.

«Балқаш қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдайтын күні	Мекенжайы, қабылдайтын уақыты
Мамытова Айнұр Төлепбердіқызы	«Балқаш қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ басшысы.	Сейсенбі	Уәлиханов көш., 5, 16.00-ден 18.00-ге дейін. Тел. 7-57-04, 4-97-53.

«Балқаш қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-де жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін **4-87-48** сенім телефоны жұмыс істейді. Бөлім қызметкерлері тарапынан «ҚР мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Этикалық кодексі нормаларын бұзу фактілері орын алған жағдайда сенім телефонына қоңырау шалуға болады.

«Балқаш қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдайтын күні	Мекенжайы, қабылдайтын уақыты
Мадигалиев Оңалбек Ерімбетұлы	«Балқаш қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы.	Сейсенбі, бейсенбі	Уәлиханов көш., 5, 3-қабат, кабинет №16, 16.00-ден 18.00-ге дейін. Тел. 4-87-47, 4-87-48.

«Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-де сенім телефоны жұмыс істейді. Бөлім қызметкерлері тарапынан «ҚР мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Этикалық кодексі нормаларын бұзу фактілері орын алған жағдайда **4-97-60** сенім телефонына қоңырау шалуға болады.

«Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдайтын күні	Мекенжайы, қабылдайтын уақыты
Бекмагамбетов Берік	«Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысы.	бейсенбі	Уәлиханов көш., 5, 2-қабат, кабинет №2, 16.00-ден 18.00-ге дейін.

«Балқаш қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-де сенім телефоны жұмыс істейді. Бөлім қызметкерлері тарапынан «ҚР мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Этикалық кодексі нормаларын бұзу фактілері орын алған жағдайда **6-63-88** сенім телефонына қоңырау шалуға болады.

«Балқаш қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдайтын күні	Мекенжайы, Қабылдайтын уақыты
Совет Саят Саяхатұлы	«Балқаш қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ басшысы м.а.	дүйсенбі, бейсенбі	Уәлиханов көш., 5, 3-қабат, кабинет №1А, 15.00-ден 17.00-ге дейін Тел. 6-63-88

Хабарландыру

«Kazakhmys Smelting (Қазахмыс Смэлтинг)» ЖШС Балқаш мыс балқыту зауыты Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 24 қараша күні сағат 10:00-де мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Балқаш қ., Абай к-сі, 36, ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Тыңдаулар кешенді экологиялық рұқсат алуға байланысты өткізіледі. Жоба құрамында: Рұқсат етілген шығарындылардың нормативтері жобасы. Қалдықтарды басқару бағдарламасы. Экологиялық бақылау бағдарламасы. Қоршаған ортаға рұқсат етілген физикалық әсерлер нормативтері жобасы. Шығарындылардың технологиялық нормативтері жобасы. Балқаш мыс балқыту зауыты үшін экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы. Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай күйі туралы Ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесінде танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/>

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ эл. мекен - жайы- expertiza.upr_krg@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай күйі туралы Ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесінде ұсынылатын болады <https://ndbecology.gov.kz/>

Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта арқылы алуға болады: lpnes23@gmail.com, сондай-ақ телефон арқылы: 8 777 241 16 40.

Материалдарды әзірлеуші: «Noosphere ecology system» (NES) ЖШС, БСН 230940027185, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Әлихан Бөкейхан ауданы, 23 ықшам ауданы, 20/2 үй, 41 пәтер.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін жеке куәлікті өзіңізбен бірге алып келуіңіз қажет.

Объявление

ТОО «Kazakhmys Smelting (Қазахмыс Смэлтинг)» Балхашский медеплавильный завод в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10 часов 00 минут 24 ноября по адресу РК, Карагандинская область, г. Балхаш, ул. Абая, 36 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по получению комплексного экологического разрешения по проекту: Проект нормативов допустимых выбросов. Программа управления отходами. Программа экологического контроля. Проект нормативов допустимых физических воздействий на природную среду. Проект технологических нормативов выбросов. Программа повышения экологической эффективности для Балхашского медеплавильного завода.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в Информационной системе Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в Информационной системе Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на эл. адрес - expertiza.upr_krg@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена в Информационной системе Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/>

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: lpnes23@gmail.com , и по телефону 8 777 241 16 40.

Разработчик материалов: ТОО "Noosphere ecology system" (NES), БИН 230940027185, РК, Карагандинская область, г. Караганда, р-н Әлихан Бөкейхан, мкр. 23, д. 20/2, кв. 41. Для регистрации участия в общественных слушаниях при себе иметь удостоверение личности.